



Автор: Кожабергенова Венера Тагибергеновна

Пән: Құқық негіздері

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары

Тақырып: Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролі қандай?

оқу мақсаттары	9.2.2.2 Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролін анықтау, сайлау жүйесін білу.
----------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы (5 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі. Танысу тренингі (стикер арқылы топқа бөлу, топ ережесін шығару, стикерге есімдерін жазу.) 2. Ой шақыру. Тақырыпты шешу үшін оқушыларға сайлау туралы бейнероликті көрсету. 3. Оқушыларды сабақтың тақырыбы мен және мақсатымен таныстыру. 4. Мәтінмен жұптық жұмыс.	
сабақтың ортасы (20 минут)	Бұл қызық :Сайлауды кім ойлап тапты? Тарихта сайлаудың түрі көп болған.Алдымен рулық жүйе бойынша ақсақалдар мен әскербасыларын сайлап алады.Сайлау халық жиналысында өтеді.Сайлауға барлық азаматтар қатысады.Келесі сайлау сатысында шектеулер болды.Сайлауға тек ақсүйектермен бай адамдар қатысты, кедей адамдар әйелдер мен құлдар шеттетілді.Феодализм кезінде сайлауға тек жер иелері қатысты. Жаңа заманда сайлауға мемлекеттің барлық азаматтары қатыстырылды. Бірақ мүлік меншігіне , жасына, біліміне,жынысына және т.б. қатысты шектеулер енгізілген болатын. Мысалы , әйелдер тек 1908 жылы ғана сайлау құқығына ие болды Зерттеу сұрақтары: Сайлау- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі басталған сәттен халық билігін жүзіге асыратын маңызды институт. Жалпы тең, тура, тікелей негізінде жасырын дауыс беру арқылы Қазақстан Республикасының азаматтары сайлау құқығын іске асырады. Сайлау құқығы- 18-жасынан әрбір ҚР азаматы өзінің шығу тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына қарамастан сайлану және сайлау құқығы. Қазақстан Республикасындағы сайлауда мажориталық және пропорционалдық сайлау жүйесі қолданылады. • Мажоритарлық жүйе- сайлаушылардың басым көпшілігі дауысын берген кандидат сайланған болып саналатын сайлау жүйесі. (Мысалы осы жүйе Президентті сайлау кезінде қолданылады: 1) дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50-% дан артық дауысын жинағанда; 2) қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып есептеледі. Пропорционалды сайлау жүйесі Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде қолданылады. Мысалы ҚР азаматтары саяси партияларға дауыс береді. Әрбір саяси партия жинаған дауыстардың саны квотаға (жеке санға) бөлінеді. Санды бөлу нәтижесінде алынған тұтас бөлік – партиялық тізім құрған тиісті саяси партия алатын депутаттың мандаттар саны болып табылады. Елдегі сайлау өткізуді ұйымдастырушы мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау органдары: • республикалық Орталық сайлау комиссиясы • аумақтық сайлау комиссиясы • округтік сайлау комиссиясы • учаскелік сайлау комиссиясы . Топтық жұмыс.Оқушылар постер құрып , постер арқылы сайлау ұғымын түсіндіре алады. *Сайлау дегеніміз не? * Сайлау құқығы дегеніміз не? * Қазақстан Республикасында қандай сайлау жүйелері қолданылады? Белгілер: 15640022054.png type unknown	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың ортасы (10минут)	2 Тапсырма сайлауға түсу (өз іштерінен депутат сайлау, сайлау алды бағдарлама құру) Үш түрлі үгіт насихат жүргізу.1 Ауызша 2 жазбаша 3.Ақпарат құралдары арқылы 5e15650f017aa.png Image not found or type unknown 3 тапсырма : Ортақ тапсырма үш топқа Төмендегі көрсетілген тақырыптық терминдер мен олардың анықтамаларын сәйкестендіре алады. ТерминдерДұрыс жауабыАнықтамаларысайлау жүйесіDA. Дауыс беру нәтижелерін берілген дауыстың көпшілікті принципімен анықтайтын сайлау жүйесіПропорцио-налдық жүйеEB. Мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағыМажоритар-лы жүйеFC. Өз көзқарасын, саясатын басқа саясатқа, көзқарасқа қарсы қою, қарсы әрекет жүргізу; бір көзқарастар мен әрекеттерді басқаларына қарсы қоюСаяси партияларBD. Үкімет органдарына ашық сайлаумен байланысты және сайлау тәртібімен айқындайтын қалыпты қоғамдық қатынастардың жиынтығы.ОппозицияCE. Сайлауда ұсынған партиялық тізімге сәйкес саяси партия Парламентте депутаттың мандат сайын иеленетін сайлау жүйесі Үш депутаттың орны,қызметі өзгереді 1.Төраға (Ол тек қана отырады) 2.Хатшы 3. Мүшесі	
сабақтың соңы (5 минут)	VII. Рефлексия. 5e1566fab0193.png Image not found or type unknown Бағалау. Үй тапсырмасы. Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен ролі қандай	